

**Балтымова Майра Рашидовнаның «БД020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Фольклор – ұлттық этносты біріктіретін, ұрпақтар сабақтастығын жоймай келесі ұрпаққа табыстайтын жүйелілік пен бірізділікті сақтап қалатын жетекші фактор. Соның ішінде балалар фольклоры – мазмұны терең, көркем сөзбен құрылған, тәрбиелік мәні зор халық шығармашылығы. Балаларға арналған ауыз әдебиеті мұрасын зерделеп, олардың мәні мен мағынасына терең бойлаған кезде болашақ ұрпақ бойында салт-дәстүрмен игерілген білімді қалыптастырып, олардың ой-санасына әсер ету арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіруге болады. Бұл ретте қазақ балаларына арналған фольклорлық шығармалардың мәні зор. Ұрпақтың болашақ өміріне, сана-сезіміне, түйсігіне әсер ететіндей қазақ халқындағы дәстүрлі отбасылық тәрбиенің алар орны ерекше.

Қазақ балалар фольклоры – халықтың рухани қазынасы, ұлттың бай мұрасы. Халықтың ежелден келе жатқан алтын қазынасын сақтау ұрпақ болашағын айқындап, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан рухани мұраны сақтау, фольклор үлгілерін жүйелеу, шашыратпай жинастыру, оны ұрпаққа жеткізу ісінің өзектілігі күн сайын артуда. Фольклор – бірнеше дәуірге созылған көп қатпарлы, көп сатылы және көп мағыналы, көп қырлы өнер. Диссертациялық жұмыста адамзат өмір сүрген кезден бері пайда болған әдет-ғұрыптар, мифтер, салт-дәстүрлер, мифологиялық көзқарастар негізінде қазақ балалар фольклорының генезисі ашып көрсетілген.

Ұрпақ жалғастығы қаншама жүзжылдықтар мен мыңжылдықтар өтсе де үзілмей әр дәуір арасында белгілі бір тарихи құнды ойлар мен тұжырымдар негізінде саналы түрде жалғасып отыратын табиғи үрдіс екендігі қазақ балалар фольклорының генезисін ашуда зерделенген. Қазақ балалар фольклорына тән ұрпақ тәрбиесіндегі жойылмайтын, ескірмейтін тұрақты құнды құрал болып табылатын тұстары ғылыми талдаулар арқылы сарапталған. Қазақ балалар фольклорын зерттеушілердің ғылыми көзқарастары мен талдаулары негізінде балалар фольклорының жанрлары, классификациялану жолдары арқылы типологиялық ерекшеліктері анықталған.

Қай заманда болмасын бала тәрбиесін өзекті деп таныған халық оны кезек күттірмейтін, өзгермелі, жаңаруға, қайта жаңғыруға бейім, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома деп ұрпағының санасына сіңірген. Зерттеуші диссертациялық жұмыстың поэтикасын ашуда көркемдік құралдарға талдаулар жасап, танымдық, тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық мәнін анықтауда қазақ балалар фольклорының мәтіндеріне, шағын жанрларына талдаулар жасаған. Ғылыми зерттеу жұмысының қолданыстағы, тәжірибедегі мәнін ашуда халық тұрмысында сақталған салт-дәстүрлер, жөн-

жоралғылар, ырымдар мен тыйымдар, ұрпақ тәрбиесіндегі отбасылық дәстүрлі ұстанымдар басшылыққа алынған. Ұрпақ тәрбиесіндегі ұстанымдардың негізін құраушы құнды сала балалар фольклоры баланың сана-сезіміне, түйсігіне әсер етпей қоймайтыны белгілі. Докторант осы аксиомаға сүйеніп, қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалу үлгілері мен трансформациялану көрінісін салыстыра талдаған.

Докторант Балтымова Майра Рашидовна зерттеу жұмысында қазақ балалар фольклорының тұрмыстағы орны мен синкреттілігі, авторсыздығы, көпфункционалдығы жайындағы ғылыми көзқарастар мен талдауларға тоқталып, халық мұрасы ретіндегі көрінісін жан-жақты талдаған. Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын, поэтикасын анықтауда жаңа.

1. Ғылыми зерттеме (Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы) докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.

2. Зерттеу жұмысының мән-мазмұнын, теориялық, тәжірибелік құндылығын бағалай келе көпшілік алдында қорғауға жіберуге болады деп санаймыз.

3. Еңбектің авторы Балтымова Майра Рашидовна «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

**Шетелдік ғылыми кеңесші,  
Беларусь мемлекеттік университеті доценті,  
PhD, қауымдастырылған профессор**



25.06.2024